

«Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қолдау қызметтерінің жұмысына білім алушылардың қанағаттануы» сауалнамасының нәтижелері

Ректордың 11.10.2022 ж. №1328 бұйрығына сәйкес 2022 ж. қазан айында «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қолдау қызметтерінің жұмысына білім алушылардың қанағаттануы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама ұйымдастырылды.

Сауалнаманың мақсаты – университеттің білім алушыларын қолдау бөлімдері ұсынатын қызметтердің сапасын талдау.

Міндеттері:

1. Университеттің білім алушыларын қолдау бөлімдері ұсынатын қызметтердің сапасын бағалау.
2. Білім алушыларды қолдау қызметтерінің жұмысын ұйымдастырудың проблемалық аспектілерін анықтау.
3. Қолдау қызметтерінің жұмысын жетілдіру бойынша ұсынымдарды тұжырымдау.

Сауалнама құралы: google сауалнамасы.

Аралас типтегі сауалнама, сұрақтар саны – 29.

Қолдау қызметтеріне білім алушыларға білім беру, ғылыми, әлеуметтік салаларда ақпараттық қолдау көрсететін, сондай-ақ әртүрлі растаушы құжаттарды ұсыну бойынша қызметтер көрсететін бөлімшелер жатады.

Зерттеуге барлық дайындық деңгейіндегі **2996 білім алушы** қатысты, бұл күндізгі оқу нысанындағы білім алушылар контингентінің 27%-ын құрады. Дайындық деңгейі бойынша: респонденттердің жалпы санының 92%-ы – бакалавриат, 6%-ы – магистратура, 2%-ы – докторантура білім алушылары.

Сауалнамаға қатысқандардың 99%-ы белгілі бір қолдау қызметтерінің көмегіне жүгінген. Қолдау қызметтерінің сұраныс рейтингі келесідей:

- | | |
|---|-----|
| 1. Қызметкерлер мен білім алушыларға қызмет көрсету орталығы (ҚБКО) | 68% |
| 2. Кафедра (эдвайзер, куратор) | 54% |
| 3. Деканат | 27% |
| 4. Тіркеуші кеңсесі | 27% |
| 5. Студенттермен жұмыс қызмет | 9% |
| 6. Халықаралық ынтымақтастық басқармасы | 3% |
| 7. Студенттік өзін-өзі басқару органдары | 2% |

Білім алушыларды әлеуметтік қолдаудың түрлі шаралары туралы хабардар ету маңызды рөл атқарады. Респонденттердің 77%-ы университет әкімшілігі оларды әлеуметтік қолдау шараларын (төлем, гранттар, материалдық көмек және т.б. бойынша жеңілдіктер) алу мүмкіндіктері туралы жүйелі түрде хабардар

ететінін растаса, респонденттердің 14%-ы – ондай ақпараттан бейхабар екендігін көрсетті, 9%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

Сауалнама қорытындысы бойынша білім алушылардың аталған қызметтердің қолдау шараларын ұсыну сапасына берген бағасына талдау жасалды.

Студенттік өзін-өзі басқару органдарының (Студенттік парламент, Жастар ісі жөніндегі комитет) қызметіне қанағаттану деңгейі

Сауалнамада студенттердің пікірінше, СӨО шеше алатын мәселелердің нұсқалары ұсынылды: респонденттердің 47%-ы Студенттік парламент пен ЖІК университетте сыбайлас жемқорлық көріністеріне, 43%-ы – оқытушы тарапынан моральдық-психологиялық қысымға, 41%-ы – Студенттердің үйінде тұруға қатысты мәселелерді шеше алады деп санайды; респонденттердің 6%-ы ұсынылған нұсқалардың ешқайсысын таңдамады немесе оларға СӨО не үшін қажет екендігі түсініксіз.

Респонденттердің 66%-ы өз факультетінің СӨО қызметіне қанағаттанатынын көрсетті, 20%-ы – ішінара қанағаттанса, қалған 9%-ы – қанағаттанбайды. СӨО жұмысына қанағаттанудың ең жоғары деңгейі дене шынықтыру және спорт факультетінде (79%), ең төменгі – заң факультетінде (57%).

Білім алушылар студенттік өзін-өзі басқаруды жетілдіруге қатысты мынадай ұсыныстар жасады:

- студенттерді СӨО өкілдері туралы хабардар ету;
- сайтта жалпыға қолжетімді, көзге түсетін жерде СӨО жеке бөлімінің болуы; СӨО қызметі туралы жариялылық және кеңінен ақпарат беру, студенттермен кездесу ұйымдастыру;
- жасөспірімдер аудиториясын қамту үшін СӨО қызметін жариялай отырып, TikTok-та аккаунт құру;
- СӨО өкілдеріне студенттік мәселелерді шешуде кең құқықтар мен бостандықтар беру.

Студенттерді академиялық ұтқырлық гранттары мен бағдарламалары туралы хабардар ету.

Респонденттердің 88%-ы ақылы негізде оқитын студенттер босаған грантқа үміткер бола алатындығын біледі, 12%-ы бұл ақпараттан бейхабар. Білім алушылардың 60%-ы бюджеттік оқу түріне ауысу мүмкіндігі туралы ақпаратты топ кураторынан білсе, 37%-ы бұл мәліметті университет сайтынан, 23%-ы – әлеуметтік желілерден алды, 20%-ы – деканаттан, 8%-ы – сыныптастары, оқытушылары, таныстарынан естіді.

Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу мүмкіндіктері туралы білім алушылардың 72% хабардар, респонденттердің 19%-ы бұл мүмкіндіктер туралы білмейді, студенттердің 10%-ы ұтқырлық бағдарламаларына қызығушылық танытпайды. Сауалнамаға қатысушылардың 59%-ы ақпаратты куратордан, 43%-ы – әлеуметтік желілерден, 37%-ы – сайттан, 17%-ы – деканаттан білген.

Академиялық ұтқырлық бойынша ақпаратты қай нысанда алғаны жөн деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 63%-ы топ кураторынан, 42%-ы – инстаграмдағы жарияланымдардан, 31%-ы – университеттің ресми сайтындағы жарияланымдардан білуді жөн санаса, 24%-ы – Халықаралық ынтымақтастық басқармасының қызметкерлерімен ақпараттық кездесу барысында ақпарат алуды дұрыс көрді. Көбірек ақпарат алу үшін респонденттер ұтқырлық бағдарламаларына қатысушы студенттермен кездесулер ұйымдастыруды, студенттердің жеке кабинеттерінде ұтқырлық бағдарламалары бойынша ұсыныстарға сілтемелер немесе хабарландырулар орналастыруды ұсынады.

ҚБҚО қызметіне қанағаттану деңгейі

ҚБҚО студенттерге қызметтердің кең спектрін ұсынады. Білім алушылардың осы қызметтер туралы қаншалықты хабардар екенін білу үшін талдау жасадық: респонденттердің 87%-ы ҚБҚО-да ID-карта алуға болатындығын, 65%-ы – университетте оқығаны туралы анықтама алу мүмкіндігі туралы біледі; сұралғандардың 41%-ы ҚБҚО-ға Студенттер үйінде тұру, 23%-ы – стипендия туралы анықтама алу мәселелері бойынша жүгінуге болатындығын біледі, 18%-ы ҚБҚО оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер алу үшін құжаттарды қабылдайтыны туралы хабардар.

Білім алушылардың 84%-ы оқу кезінде қандай да бір қызмет алу үшін ҚБҚО-ға жүгінген болса, 13%-ында мұндай қажеттілік болмаған, 3%-ы бұл қызмет туралы білмейді.

Респонденттердің 87%-ы қызметтерді алу үшін <https://ssc.ksu.kz/> сайтындағы ҚБҚО-ның жеке кабинетін пайдаланады, 10%-ы пайдаланбайды, респонденттердің 3%-ы бұл ресурс туралы білмейді.

Студенттерге белгілі бір критерийлер бойынша ҚБҚО қызметіне қаншалықты қанағаттанғанын бағалау ұсынылды. Алынған нәтижелер:

- респонденттердің 76%-ы қызметкерлердің сыпайылығына,
- 81%-ы – қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығына,
- 78%-ы – қызмет көрсету жеделдігіне қанағаттанғанын атап өтті.

Қанағаттану деңгейі төмен студенттердің үлесі сауалнамаға қатысқандардың 5-7%-ын құрайды. ҚБҚО қызметін жетілдіру үшін респонденттер төмендегені ұсынады:

- ҚБҚО құрамын кеңейту, қызметкерлер санын көбейту.
- Қызмет көрсету сыпайылығына, студенттерді құрметтеуге, студенттің мәселесіне қызығушылық танытуға, барынша қолдау көрсетуге және адалдыққа көңіл бөлу.

- Студенттерге өтінім беру кезінде қосымша талаптар туралы мақұлдау мерзімі аяқталғаннан кейін емес, өтінімді оқығаннан кейін бірден хабарлау (мысалы, ағылшын тілінде транскриптке өтінім беру кезінде қызметкерлер өтінімді қолмен жазу керектігін ескертпеді; нәтижесінде студент транскриптің осы түріне өтінімі қабылданбағанын 3 күннен кейін ғана білді).

- Құжаттың дайын болуы туралы хабарламалар жүйесін жетілдіру.
- ID картасына фотосуретті жүктеу кезінде мүмкіндігінше техникалық ақауларды болдыртпау.

Студенттерге академиялық мәселелер бойынша ақпарат беру

Кредиттік технология туралы негізгі ақпаратты респонденттердің 55%-ы куратордан, 33%-ы студенттің жеке кабинетінен алады, респонденттердің 29%-ы қажетті ақпаратты анықтамалық-нұсқаулықтан, 18%-ы деканаттан, 9%-ы – Тіркеуші кеңсесінен, 8%-ы – эдвайзерден, 3%-ы – сыныптастары мен оқытушыларынан білді.

Сауалнамаға қатысқандардың 41%-ы университеттің Тіркеуші кеңсесі қызметіне жүгінген, 59%-ы – бұл бөлім көрсететін қызметтерді ешқашан пайдаланбаған. Бұл қызметке жүгінудің негізгі себептері: тестілеу барысында туындаған техникалық іркілістер (33%), ауысу/оқуға қайта қабылдану кезінде академиялық айырмашылықты тапсыру (8%).

Бұл ретте білім алушылардың 80%-ы Тіркеуші кеңсесінің қызметіне қанағаттанған болса, 15%-ы ішінара қанағаттанған, респонденттердің 5%-ы қанағаттанбайды. Тіркеуші кеңсесінің қызметін жетілдіру үшін студенттер мыналарды ұсынады:

- Қызметкерлер сыпайы болуы керек, студенттерге құрметпен қарап, шыдамдылық, сабырлылық танытуы керек.
- Екі тілде ақпарат беріп, қазақша сөйлейтін қызметкерлердің санын көбейту.
- ЖОЖ және басқа құжаттарды алу рәсімін автоматтандыру.

Топ кураторының қызметіне қанағаттану деңгейі

Студенттерге қандай да бір ақпарат жеткізуде топ кураторы үлкен рөл атқарады. Мұны студенттердің алдыңғы жауаптарынан көруге болады: білім алушылардың 60%-дан астамы ақпараттық қолдауды өз кураторынан алады.

Жалпы алғанда, білім алушылардың 86%-ы куратордың сыйластық қарым-қатынасына қанағаттанады және топтың ішкі мәселелерінің қалай шешіліп жатқанына көңілі толады. 81%-ы ақпараттың уақытында жеткізілуіне риза болса, сауалнамаға қатысқандардың 88%-ы кураторлық сағаттар үнемі өткізіліп тұрады деп атап өтті. Бұл ретте аталған критерийлер бойынша қанағаттану көрсеткіштері төмен білім алушылардың үлесі 3-тен 5%-ға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл университеттегі кураторлық институттың қызметі дұрыс жолға қойылып, пысықталғанын растайды. Басқа қолдау қызметтерінен келіп түскен ақпаратты студенттерге жеткізетін де осы кураторлар.

Университет бойынша кураторлардың қызметіне қанағаттанудың оң көрінісі байқалады: дене шынықтыру және спорт факультетінде 92%-ды құраса, заң факультетінде бұл көрсеткіш 81%-ға тең.

Студенттік емхана мен медициналық пункттердің жұмысы

Университеттің студенттік емханасының қызметтерін респонденттердің 38%-ы пайдаланады, 41%-ы пайдаланбайды, 18%-ы кейде емхананың қызметіне жүгінеді, ал 3%-ы оның бар екенін білмейді.

Студенттердің медициналық қызмет көрсету сапасына қанағаттануы келесідей: студенттік емхананың санитарлық жағдайына респонденттердің 78%-ы, мейірбике қызметкерлерінің сыпайылығына – 80%-ы, медициналық қызмет көрсету сапасына 79%-ы, емхананың жабдықталуына – 76%-ы риза. Бұл ретте қанағаттану көрсеткіштері төмен респонденттердің үлесі орта есеппен 3-4%-ды құрайды.

Университеттің студенттік емханасы мен медициналық пункттерінің қызметін жақсарту бойынша айтылған тілектер:

- Медициналық пункттерді қажетті алғашқы көмек көрсету құралдарымен қамтамасыз ету.
- Жыл сайынғы медициналық тексеруді ұйымдасқан түрде өткізу: топтарды уақыт бойынша бөлу, медициналық тексеруден өтетіндер мен емделушілер үшін бөлек кезек кестесін құру.
- Жабдықты жаңарту, физиотерапияға арналған жабдықты сатып алу.
- Емханада жатып емделуге арналған палатаны жабдықтау.
- Емханада стоматолог, гинеколог, дерматолог, травматолог, эндокринолог тәрізді арнайы мамандардың қызметтерін қарастыру; хирург үшін қабылдау күндері мен сағаттарының санын көбейту.
- Медициналық персонал өзінің кәсіби деңгейін арттырып, санитарлық нормаларды сақтауы қажет, қызмет көрсетуде сыпайылық танытып, қазақ тілінде қызмет көрсетуге тиіс.
- Медициналық персонал емханада және №№ 8, 9, 11 оқу корпустарының медициналық пункттерінде жұмыс тәртібін сақтауы қажет.
- №№ 3 және 7 оқу корпустарында медициналық пункттер ашу мүмкіндігін қарастыру.
- Емхана қызметкерлерімен онлайн байланысу мүмкіндігін қарастыру.
- Емханаға тіркеу рәсімін студенттердің келісімі бойынша жүргізу.

Сауалнаманың соңғы сұрағы аталған қолдау қызметтері университетте оқу үшін жайлы орта құруға қаншалықты ықпал ететінін анықтау үшін қойылды: респонденттердің 70%-ы олардың жұмысына қанағаттанады, қызметтер қажет және студенттерге олардың көмегі тиіп жатыр деп санайды, қызметтердің сапасына сауалнамаға қатысқандардың 15%-ы қанағаттанбайды, 4%-ы аталған қызметтерден студенттерге ешқандай пайда жоқ деп көрсетсе, 11%-ы жауап беруге киналды.

Сауалнама қорытындысы бойынша студенттердің ұсыныстарына талдау жасалып, жалпы ескертулер тұжырымдалды. Ақпарат жетекшілік ететін проректорларға және тиісті бөлімшелерге қолдау қызметтерінің қызметін жақсарту бойынша егжей-тегжейлі ұсыныстарды тұжырымдау үшін жіберілді.

Қолдау қызметтерінің білім алушылардың ескертулері мен ұсыныстарын қарау қорытындылары 1-кестеде келтірілген:

1-кесте

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қолдау қызметтерінің білім алушылардың ескертулері мен ұсыныстары бойынша ақпараты

№	Қолдау қызметінің атауы	Студенттердің ескертулері мен ұсыныстары	Ескертулерді жою және ұсыныстарды іске асыру бойынша жүргізілген жұмыс
1.	Студенттік емхана	Медициналық пункттерді қажетті алғашқы көмек көрсету құралдарымен қамтамасыз ету.	Алғашқы медициналық көмек көрсету кабинеттері мен зертхана алғашқы медициналық көмек көрсету құралдарымен толық қамтамасыз етілген.
2.		Жыл сайынғы медициналық тексеруді ұйымдасқан түрде өткізу: топтарды уақыт бойынша бөлу, медициналық тексеруден өтетіндер мен емделушілер үшін бөлек кезек кестесін құру.	2023 жылы жоспарлы медициналық тексерулерді жүргізу кестесі құрылды, оған сәйкес барлық қажетті мамандардың қарауынан өту үшін жекелеген топтар кезеңді түрде шақырылатын болады. Қазіргі уақытта медициналық тексерілу кезегі емделушілердің ағымына қарай реттеледі, қажет болған жағдайда жалпы практикамен айналысатын 2 дәрігер жастар орталығының қабылдауына және кәсіби тексерулерге ауыстырылады, 1 дәрігер тұрақты түрде науқас адамдарды қабылдайды.
3.		Жабдықты жаңарту, физиотерапияға арналған жабдықты сатып алу.	Емхананың жабдығы 2022 жылы сатып алынған, толық жұмыс істеп тұр, ұзақ уақыт пайдалануға жарамды. Физиотерапия кабинеті сапалы терапия жүргізуге қажетті мынадай құрылғылармен жабдықталған: УЖЖ, амплипульстерапия, электронталандырыс, электрофорез, дорсонвализация, биоптрон, алмаг-1 магниттік терапия, тубус-кварц.
4.		Емханада стоматолог, гинеколог, дерматолог, травматолог, эндокринолог тәрізді арнайы мамандардың қызметтерін қарастыру; хирург үшін қабылдау күндері мен	Емханада терапевт, жалпы практика дәрігері, стоматолог, акушер-гинеколог, дерматовенеролог, хирург, невропатолог, офтальмолог, оториноларинголог тәрізді кең бейінді және арнайы мамандардың болуы қарастырылған. Эндокринологтың консультациялары

		сағаттарының санын көбейту.	жақын арада, кадрлар іріктелген кезде қол жетімді болады.
5.		Медициналық персонал өзінің кәсіби деңгейін арттырып, санитарлық нормаларды сақтауы қажет, қызмет көрсетуде сыпайылық танытып, қазақ тілінде қызмет көрсетуге тиіс.	Санитарлық нормаларды, этика және деонтология нормаларын сақтау, дәрігерлер мен медбикелердің біліктілігін арттыру бойынша тұрақты ай сайынғы оқыту жүргізіледі.
6.		Емхана қызметкерлерімен онлайн байланысу мүмкіндігін қарастыру.	Қажет болған жағдайда емхана қызметкерлері онлайн консультациялар өткізеді (терапевт, жалпы практика дәрігері, ерекше жағдайларда арнайы дәрігерлер). Барлық сұрақтар бойынша емхананың тіркеу және қолдау қызметінің телефонына хабарласуға болады.
7.		Емханаға тіркеу рәсімін студенттердің келісімі бойынша жүргізу.	Студенттерді емханаға тіркеу «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ №194/2020 бұйрығы және Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының №46-0 бұйрығы негізінде автоматты түрде жүргізілді. «Студенттік емхана №1» ЖШС-та медициналық қызмет алуды қаламаған жағдайда студент тұрғылықты жері бойынша емханаға Egov Mobile қосымшасы арқылы немесе ХҚКО арқылы тіркеле алады.
8.	Тіркеуші кеңсесі	Қызметкерлер сыпайы болуы керек, студенттерге құрметпен қарап, шыдамдылық, сабырлылық танытуы керек.	Тіркеуші кеңсесінің қызметкерлерімен кәсіби этиканы сақтау қажеттілігі туралы әңгіме жүргізілді.
9.		Екі тілде ақпарат беріп, қазақша сөйлейтін қызметкерлердің санын көбейту.	Тіркеуші кеңсесінің барлық қызметкерлері қазақ және орыс тілдерін біледі. Тіркеуші кеңсесінің басшысы білім алушыларға өтініш берілген тілде қызмет көрсету қажеттілігі туралы әңгіме жүргізді.
10		ЖОЖ және басқа құжаттарды алу рәсімін автоматтандыру.	Қазіргі уақытта «Платонус» ААЖ-да анықтамаларды, транскрипттерді, жеке оқу жоспарларын автоматтандырылған

			түрде беруді іске қосу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.
11	Қызметкерлер мен білім	ҚБҚО құрамын кеңейту, қызметкерлер санын көбейту.	Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің штаты жасақталған.
12	алушыларға қызмет көрсету орталығы	Қызмет көрсету сыпайылығына, студенттерді құрметтеуге, студенттің мәселесіне қызығушылық танытуға, барынша қолдау көрсетуге және адалдыққа көңіл бөлу.	Бөлімше басшылары қызметкерлермен кәсіби әдеп нормаларын сақтау мәселелері бойынша әңгіме жүргізді. Білім беру қызметін психологиялық сүйемелдеу орталығы қызметкерлерге тиімді коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру бойынша тренинг ұйымдастырды (23 ақпан мен 03 наурыз аралығында).
13		Студенттерге өтінім беру кезінде қосымша талаптар туралы мақұлдау мерзімі аяқталғаннан кейін емес, өтінімді оқығаннан кейін бірден хабарлау	ҚБҚО қызметкерлерімен білім алушылар мен қызметкерлерге қызмет көрсету бойынша әңгіме жүргізіліп, қосымша ұсынымдар берілді.
14		Құжаттың дайын болуы туралы хабарламалар жүйесін жетілдіру.	Құжаттың дайын болуы туралы хабарламалар өтініш берушінің электрондық поштасына жібереледі.
15		ID картасына фотосуретті жүктеу кезінде мүмкіндігінше техникалық ақауларды болдыртпау.	Жүктелетін фотосурет форматына белгілі бір талаптар қойылады. Егер бұл талаптар орындалса, жүктеу кедергісіз жүзеге асырылады. Ақаулық туындаған жағдайда өтініш беруші техникалық қолдау қызметтерінің көмегіне жүгіне алады.
16	Халықаралық ынтымақтастық басқармасы	Ұтқырлық бағдарламаларына қатысушы студенттермен кездесулер ұйымдастыру қажет	Халықаралық ынтымақтастық басқармасының қызметкерлері 17.02-10.03 аралығында академиялық ұтқырлық бағдарламаларын түсіндіру мақсатында кураторлармен, эдвайзерлермен және факультет студенттерімен кездесулер өткізетін болады. Кездесу кестесі факультеттермен келісілді.
17		Студенттердің жеке кабинеттерінде ұтқырлық бағдарламалары бойынша ұсыныстарға сілтемелерді немесе хабарландыруларды орналастыру қажет	Халықаралық ынтымақтастық басқармасы университеттің https://buketov.edu.kz/ru/page/academic-mobility сайтында «Оқу бағдарламалары» - «Академиялық ұтқырлық» бөлімінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары, оларға қатысу рәсімі туралы ақпарат

			орналастырды. Сонымен қатар, қосымша ақпарат @icd.buketov.university akkaунтында орналастырылады.
18	Жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер департаменті	Студенттік өзін-өзі басқару органдарының (СӨО) өкілдері туралы студенттерді хабардар ету	Қыркүйек айында Студенттер сарайында 1 курс студенттеріне шолу дәрістері өткізілді, онда Департамент қызметкерлері өз қызметінің бағыттары, оның ішінде студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысы туралы ақпарат берді.
19		Сайтта жалпыға қолжетімді, көзге түсетін жерде СӨО жеке бөлімінің болуы; СӨО қызметі туралы жариялылық және кеңінен ақпарат беру, студенттермен кездесу ұйымдастыру	2023 жылғы 30 қаңтар мен 03 ақпан аралығында студенттерге арналған «BIR TOLQYNDA» танымдық-ақпараттық жоба іске асырылды. Осы жоба аясында факультет студенттері әлеуметтік және мәдени жобалармен, сондай-ақ өзін-өзі басқару органдары, шығармашылық, зияткерлік және басқа да жастар ұйымдарымен танысты. Жобаға Студенттік парламенттің депутаттары, Жастар ісі жөніндегі комитеттердің төрағалары, университеттің Психологиялық қолдау орталығының мамандары қатысты. Аталған жобаға барлық факультеттер ат салысты. Барлық іс-шаралар туралы ақпарат университет сайтында, Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің әлеуметтік желілерінде орналастырылған (Instagram-@departamentbuketov, @buketov.sp, телеграмм - @buketovuniversity, фейсбук @buketov.university).
20		СӨО өкілдеріне студенттік мәселелерді шешуде кең құқықтар мен бостандықтар беру	Сонымен қатар университетте ректор жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңес жұмыс істейді. Кеңес құрамына Студенттік парламенттің депутаттары, Жастар ісі жөніндегі комитеттердің, волонтерлік, зияткерлік және шығармашылық ұйымдардың көшбасшылары кіреді. Әрбір студент өз мәселелерін осы Кеңес мүшелері арқылы жеткізе алады.
21		Жасөспірімдер аудиториясын қамту үшін СӨО қызметін жариялай отырып, TikTok-та akkaунт құру	«BIR TOLQYNDA» жобасы аясында студенттерге арналған өзекті ақпарат жариялайтын Tik-Tok @birtolqynда арнасы құрылды.

22		<p>Медициналық персонал емханада және №№ 8, 9, 11 оқу корпустарының медициналық пункттерінде жұмыс тәртібін сақтауы қажет.</p>	<p>Медициналық персонал күнделікті қабылдауды белгіленген кесте бойынша жүргізеді. Медициналық персоналдың жұмыс орнында болмауының себептері: – қабаттар мен корпусстар бойынша шақыруларға барады; – байланыс деректерін жинайды; – флюорография бойынша ақпарат жинайды.</p>
23		<p>№№ 3 және 7 оқу корпустарында медициналық пункттер ашу мүмкіндігін қарастыру.</p>	<p>Қазіргі уақытта №№ 3 және 7 оқу корпустарында медициналық пункттерді ашу келесі себептерге байланысты мүмкін емес: - ауданы кемінде 30 ш.м. үй-жай қажет (санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес); - медициналық құралдар мен керек-жарақтар, тиісті органдардан лицензия қажет. Қазіргі уақытта № 3 корпусстың емделушілері №1 корпусстың медициналық пунктіне жүгінеді. №7 корпусстың емделушілері №8 корпусстың медициналық пунктіне жүгінеді. Медицина қызметкерлерінің байланыс деректері деканатта, кафедраларда және корпус коменданттарында бар.</p>

Нәтижелер қысқартылған нұсқада берілген